**АТА-АНАЛАР КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТІ**

**Түркістан облысы Сарыағаш ауданы**

**Дербісек елді мекені**

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасы**

**Бекітемін:**
**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай**
**балабақша меңгерушісі**
**_________ А.Н.Оразбаева**



**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПУНКТ**

**КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНК**

**2025-2026 оқу жылы**

**Түркістан облысы Сарыағаш ауданы**

**ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай-балабақшасы**

**Бұйрық №38**

**31.07.2025ж** **Дербісек ауылы**

**Мектепке дейін ұйымда кеңес беру**

**Пунктінің жұмысын ұйымдастыру туралы.**

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын негізінде және мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және конультациялық көмек көрсету үшін.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жаңа 20___20___ оқу жылынан бастап №_______ мектепке дейінгі ұйымның базасында ата-аналарға арналған кеңес беру пункті ашылсын.
2. Кеңес беру пункттің жұмыс кестесі бекітілсін.
3. Кеңес беру пункттің жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Кеңес беру пунктінің жұмысы туралы ақпаратты сайтқа және мектепке дейінгі ұйымының хабарландыру бұрыштарына орналастырылсын
5. Консультациялық көмек көрсету үшін мамандар бекітілсін
6. Осы бұйрықтың орындалуы МДҰ психологы Г. Саитымбетова жүктелсін.

**ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі м.у.а.** **А. Оразбаева**

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы**

**Дербісек елді мекені**

**Консультациялық пункт жұмысының жоспары**

| № | Тақырыбы | Жұмыс нысаны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Консультациялық пункттің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту | Ақпарат жинау | Қыркүйек | Меңгеруші А.Оразбаева |
| 2 | Бұқаралы ақпарат құралдары арқылы оның ішінде әлеуметтік желілер (Facebook) МДҰ сайты арқылы консультациялық пунктінің жұмысы басталғаны туралы ақпараттық стенд. | Ақпараттық хабарламалар | Қыркүйек | Педагог-психолог Г.Сайтимбекова |
| 3 | Ата-аналар мен балалардың МДҰ бару кестесін әзірлеу (МДҰ бармайтын балалар үшін Ашық есік күні). | Мамандармен кездесу | Қыркүйек | Педагог-психолог Г Сайтимбекова |
| 4 | Балалар мен ата-аналардың МДҰ іс-шараларына қатысуы. | Хабарландыру | Кестеге сәйкес | Педагог-психолог Г.Сайтимбекова |
| 5 | Отбасы жағдайында баланың өмірін ұйымдастыру | Ата-аналармен әңгімелесу | Жыл бойы | Әдіскер К.Усибекова |
| 6 | Баланың өміріндегі күн тәртібі: балабақшадағы күн тәртібі қандай? | Консультация | Сұранысқа қарай | Әдіскер К.Усибекова Мамандар |
| 7 | Балалардың жас жіне психофизио- логиялық ерекшеліктері:<br>Бала дамуының жас Кезеңдерін түсіну;<br>Ерте жастағы физиологиялық өзгерістер;<br>жүйке жүйесі мен мінез құлқының ерекшеліктері. | Консультация | Жыл бойы | Педагог-психолог Г.Сайтимбекова |
| 8 | Баланың өміріндегі ойын: | Консультация | Жыл бойы | Әдіскер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Балалармен қандай ойындар ойнаймыз?<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар | | | К.Усибекова<br>Тәрбиешілер<br>А. Апсаматова<br>П. Сарабаева |
| **9** | Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру:<br>Балаларға арналған дамытушы ойындардың түрлері;<br>үйде ойын кеңістігін қалай ұйымдастыру;<br>баланың дамуы үшін еркін ойының маңыздылығы. | Консультация | Жыл бойы | Әдіскер<br>К.Усибекова<br>Тәрбиешілер<br>А. Аширова<br>Ж.Қыпшақпаева |
| **10** | Балаларды мектепке дейінгі ұйымға бейімдеу.<br>Балаларды әлеуметтендіру;<br>Балаға дос табуға қалай көмектесуге болады;<br>қарым-қатынас сабақтары: балаға басқалармен қарым қатнас жасауды үйрету;<br>ата-аналардың әлеуметтену процесіндегі рөлі. | Консультация | Сұранысқа қарай | Әдіскер<br>К.Усибекова<br>Тәрбиешілер<br>Ж.Байтиева<br>Т.Азарбекова |
| **11** | Баланың өміріндегі күн тәртібі; отбасында және балабақшада баланың тамақтануын ұйымдастыру.<br>Балалардың тамақтануын ұйымдастыру:<br>балаларға арналған салауатты тамақтану негіздері;<br>дұрыс тамақтану әдеттерін қалай қалыптастыруға болады;<br>әртүрлі сырқаттар бар болған жағдайдағы тамақтану. | Ата- аналармен әңгімелесу | Жыл бойы | Әдіскер<br>К.Усибекова<br>Медбике<br>Г.Құдайбергенова |
| **12** | Гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру. | Ата-аналармен әңгімелесу | Жыл бойы | Медбике<br>Г.Құдайбергенова<br>Тәрбиешілер<br>Л.Арзыкулова |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Г. Асқарова |
| **13** | Балалар кітапханасы: балаларға қандай кітаптар оқимыз? | Ата-аналармен әңгімелесу | Жыл бойы | Әдіскер<br>К.Усибекова<br>Тәрбиешілер<br>Б. Сексембаева<br>А.Жайдақбаева |
| **14** | Отбасындағы мерекелер Біздің ойын-сауықтар | Ата-аналармен әңгімелесу | Сұраныс бойынша | Музикалық жетекші<br>Б. Мырзакулов<br>Тәрбиешілер<br>А. Нарманова<br>Б.Ақбаева |
| **15** | Баланы мақтау және айыптау.<br>Қайтпек керек? | Сауалнама | Мамыр | Педагог-психолог<br>Г. Сайтимбекова |

**Түзген педагог – психолог:**

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы**

**Дербісек елді мекені**

**ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасының**

**2025-2026 оқу жылындағы Консультациялық пункттің кабинет кестесі.**

| **Толық атауы** | **ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай- балабақшасы** |
|---|---|
| Мекен- жайы | Шоңғара №32 |
| Электронды почтасы | |
| Меңгеруші | Оразбаева Айгул Нишанбаевна |
| Жұмыс уақыты | **Консультациялық пункттің қабылдау кестесі**<br>**Сәрсенбі, Жұма**<br>Сағ: 9:30 – 10:30<br>16:30 – 17:30<br>2 – 6 жас |
| Мамандар | **Меңгеруші:** Оразбаева Айгул Нишанбаевна<br>**Әдіскер:** Усибекова Камила Орынбасарқызы<br>**Педагог-психолог:** Сайтимбетова Гулжан Рахматуллақызы<br>**Медбике:** Құдайбергенова Гулнұр Бегалиевна<br>**Тәрбиешілер:** Д.Абсаматова, Б.Ақбаева, П.Сарабаева, Г. Асқарова |

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы**

**ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай-балабақшасы**

**Консультативтік пунк отырысының**

**№1 хатамасы.**

30.08.2025ж

Қатысқан: 18

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. «Дин Асыл» бөбекжай- балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы Консультативтік пунк жоспарын бекіту.
2. Консультативтік пунктіне қатысатын отбасылардың тізімін құру.
3. Консультативтік көмек көрсету және кеңес беру мамандарының құрамын құру.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Айгул Оразбаева балабақша педагогтары мен медбике қызметкерлеріне жаңа оқу жылындығы Консультативтік көмек көрсету пункті туралы жұмыс жүргізу жоспары бойынша хабарлады және жоспарын бекітті.

Екінші мәселе бойыншы әдіскер К.Усибекова ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультативтік көмек қажет ететін отбасылардың тізімін құрды.

Үшінші мәселе бойыншы консультативтік көмек көрсету және кеңес беру құрамын.

**Меңгеруші:** Оразбаева Айгул Нишанбаевна
**Әдіскер:** Усибекова Камила Орынбасарқызы
**Педагог-психолог:** Сайтимбетова Гулжан Рахматуллақызы
**Медбике:** Құдайбергенова Гулнұр Бегалиевна
**Тәрбиешілер:** Д.Абсаматова, Б.Ақбаева, П.Сарабаева, Г. Асқарова
Бекітілген мамандар бір ауыздан көмеке көрсету күндерімен уақытын белгіледі.
**Пікір:** тәрбиеші К.Усибекова- уйде отырған мектепке дейінгі балалар ушін арналған осы көмек көрсету пунктің ашұан маманға алғысымды білдіремін, бұл жүргізілетін жұмысты дұрыс деп есептеймін өйткені әр бала балабақша жоспарымен оқып тәрбие алған дұрыс.
**Қаулы:** 1. «Дин Асыл» бөбекжай-балабақшасы 2024-2025 оқу жылындағы Консультативтік пунк жоспарын бекітілсін.
2. Консультативтік пунктіне қатысатын отбасылардың тізімін құрылсын.
3. Консультативтік көмек көрсету және кеңес беру мамандарының құрамы түзілсін.

**ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі:** **А. Оразбаева**

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы**

**ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай-балабақшасы**

**Консультативтік пунк отырысының**

**№2 хатамасы.**

**27.09.2025ж**

**Қатысқандар: 20**

**Күн тәртібінде:**

1. Отбасы жағдайында баланың өмірін ұйымдастыру.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша отбасы жағдайында баланың өмірін ұйымдастыру бойынша әдіскер К.Усибекова сөз бастап бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-туған ұясы, өз отбасындағы тәрбиесі, тілі. Ата-ана-бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шешеде балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды деп кеңес берді.

Тәрбиеші: Д..Абсаматова ата-анамен үй жағдайында тура балабақшадағыдай күн тәртібін

түзіп балаға ыңғайлы жағдай ұйымдастырды. Бала уақытын босқа өткізбей үйде жас ерекшелігіне қарай дамытушы ойын түрлерін ұсынды. Медбике Г.Құдайбергенова дұрыс тамақтану кеңестерін жүргізді. Ойын ойнап уақытылы тамағын жеп, уақытылы ұйықтап демалса даму кезеңдерін жақсы өтетінін айтты. Педагог-психолог Г.Саитимбекова баланы жаңа тәртіпке бейімделуін тексерді және «Мен уақытымды осылай өткіземін» тақырыбында жұмыс жүргізді.

**Пікір:** Д.Абсаматова үйдегі балаларға біздің көмегіміз тиіп жатқанына ризамын.

Менде өз тәжірибелеріммен әдіс тәсілдеріммен бөлісуге дайынмын.

**Қаулы:**Отбасы жағдайында баланың өмірін ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын.

**ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі:** **А. Оразбаева**

**Хатшы:** **Л. Азарбекова**

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы**

**ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай-балабақшасы**

**Консультативтік пунк отырысының**

**№3 хатамасы.**

**24.10.2025ж**

**Қатысқаны: 18**

**Күн тәртібінде:**

1. Бала дамуының жас кезеңдерін түсіну.

Тыңдалды: психолог Г.сайтимбетова ата-аналарға бала дамуының жас кезеңдері жайлы ақпараттар берді. Ол 3 жастағы баланың дамуына қалай ықпал етуге болатыны туралы ұсынымдармен танысыңыз. Бұл жастағы бала үшін өзінің қатарластарымен араласудың маңызы зор: балабақшаға бару, балаларға арналған ойындар мен сабақтарға қатысу туралы айтты.

3 жаста бала сырт киімін кие алады, қолын жуып, сүрте алады, екі аяғын кезек көтеріп, табалдырықтан аттай алады, құламай жүгіріп, секіре алады, допты лақтырып, қағып алады, бөтелкенің қақпағын бұрай алады, бейтаныс адамға түсінікті, қысқа сөздермен сөйлей алады, күрделі сөйлемдерді айта алады. Бала «неге?», «қайда?», «қашан?» деген сұрақтарды қояды бес және одан көп сөзден тұратын сөйлемдерді пайдаланады деп ол жастағы балалардың психо-физиологиялық ерекшеліктерін айтып түсіндірді. Содан соң 4 жас бұл жастағы балалардың балабақшаға баруы өте маңызды. Баланың топтық ойынға араласып үйренуі, сондайақ жеке өзінің үйренісуі ерекше мәнге ие. Дұрыс сөйлей білу дағдысының қалыптасуына назар аударыңыз, қажет болған жағдайда логопедке барыңыз. Баланы дамыту бойынша ұсынымдармен танысыңыз. Балаға түрлі- түсті қағаз, желім, қайшы, пластилин, бор, басқада заттар мен түрлі ойындарды мысалы, ойыншық дәрігер құралдарының жиынтығын, үстелде ойнауға арналған ойындарды, бос қатырғыштарды беріңіз деп кеңес берді. 5-6 жастар бала түсінікті етіп сөйлейді, дұрыс құрылған сөйлемдерді пайдаланады, сөздердің қарамақарсы мәндерін түсінеді, сын есімдерді пайдаланады, суретке қарап қарапайым әңгіме құрастырады, барлық дыбыстарды дұрыс айтады. 10- ға дейін санайды, қарандашты дұрыс ұстайды, көлденең және тік сызықтар сызады, үш дене мүшесінен тұратын адамның суретін салды, белгілі бір топқа жататын заттарды (жануарлар, ыдыс, жиһаз) нақты атайды.

Бір іспен айналысқан кезде дербестік және белсенділік танытады, өзінің айналысатын ісін өзі тауып алады, ата-анасына көмектеседі, тапсырмаларды орындайды. Оған кітап оқып немесе ертегі айтып берген кезде, ол суреттерге қарап, өзі ойлап, әрі қарай не болатынын суреттерге қарап өзі айтады, иллюстрацияларды түсінеді. Оқу үдерісіне белсенді араласуы үшін баланы көтермелеңіз.Ол үшін әрі қарай не болатынын сұраңыз және жауабын тыңдаңыз. Баланы міндетті түрде мақтаңыз! Балаңыз жақында мектепке барады, ол жаңа адамдармен танысады, үйдегі жылы әрі емінеркін ахуалдан міндетті түрде ерекшеленетін, бөлек ортаға енеді, үйренбеген, көрмеген өмірлік жағдайлардың ортасына тап болады. Баланың

денсаулығы тұрғысынан да, ақылой, психологиялық дамуы тұрғысынан да мұндай жағдайда дайын екеніне көз жеткізіңіз деп сөзін аяқтап  бала жас ерекшеліктерін анықтап отыратын кесте ұсынды ол жерге баланың іс қимылдарын белгілеп отырады.

**Пікір:** Г.Сайтимбетова иә балалар өз уақытында жас ерекшелігіне қарай дұрыс дамып отырғанын үйде ата-ана байқап жүргені дұрыс кәзіргі уақытта бала кеш даму кезеңдер өте көп кездеседі оны біз кеиде еркелік деп қабылдаймыз ол негізі дұрыс емес ондай жағдайда уақытылы алдын алып тиісті орындарға көрсетіп нәтижесін біліп соған қарай жұмыс жүргізу керек.

**Қауыл:** Бала дамуының жас кезеңдері бойында түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

**ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі:** **А. Оразбаева**

**Хатшы:** **Л. Азарбекова**

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы**

**ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай-балабақшасы**

**Консультативтік пунк отырысының**

**№4 хатамасы.**

**29.11.2025ж**

**Қатысқаны: 15**

**Күн тәртібінде:**

1. «Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға, қолдарының ұсақ моторикасын дамытуға арналған тіл дамыту құралы»

**Тыңдалды:** психолог Г.Сайтимбетова сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған қол ұсақ маторика ойындарын ойнатты. «кім немен қоректенеді» ойынында бала ол жерде суретке қарап әр жануарға ат қойды кім немен тамақтанатынан айта отырып қыстырғыштармен қыстырды. Екінші ойында тары араласқан құмның арасынан ұсақ ойыншықтар (қой, ешкі, ат, сиыр,көлік, жемістер, пңшңндер) тауып және ол ойыншықтарды қандай ойыншық екенін атап берді.

Ойната отырып тілін дамыту,бала саусағын қимылдатуды үйренеді.

Адамның он екі мүшесінің тіршілікте атқарар міндеті зор. Соның ішінде екі қолға бес-бестен біткен он саусақты күделікті қажетті жұмыстарды атқаруға пайдаланатынымыз белгілі. Сонымен қатар ертеден бізге жеткен «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға пайдасы зор деп.

Қуыр, қуыр, қуырмаш

Тауықтарға тары шаш.

Балапанға бидай шаш,

Балаларға тәтті шаш.

-деп келіп, жұмылған әр саусақты жекеөжеке ашарда;

Сен түйеңе бар,

Сен жылқыға бар.

Сен сиырға бар,

Сен қойыңа бар.

Сен үйде отырып

Шешеңе көмектес.

-деп әр саусаққа тапсырма беріледі. Одан соң  әр саусақтың басынан ұстай тұрып «қарның ашса: мына жерде нан бар, мына жерде май бар» деп әртүрлі астың атай келіп, қолтыққа жеткенде «қуырмаш», «қуырмаш» деп қытықтайды.

Көтеріңкі көңіл – күй сыйлайтын бұл ойын балаға саусақтарының атын, адамға нәр берер түрлі астың атауын да үйретеді. Содан – ақ төрт түлік малды таныстырып, оны бағып еңбектегенде ғана тамақтануға болатынын ескертіп, еңбекпен тапқан тамақ тәтті болатынын айтты.

**Пікір:** Ата-ана рақмет сіздерге балабақшаға айтар алғысым шексіз осылай аянбай бізбен жұмыс жасап баламды қуантып жатырсыздар. Балам үйге барған соң сіздерден үйренгенін қайталап ойнап отырады үйге берген тапсырмаларды орындап телефонды аз көретін болды тапсырмалармен уақыт өткізіп.

**Қаулы:** Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға,қолдарының ұсақ моторикасын дамытуға арналған тіл дамыту жатығулары мен ойындар айнатылсын.

**ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі:** **А. Оразбаева**

**Хатшы:** **Л. Азарбекова**

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы**

**ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай-балабақшасы**

**Консультативтік пунк отырысының**

**№5 хатамасы.**

**27.12.2025ж**

**Қатысқаны: 18**

**Күн тәртібінде:**

1. Баланың өміріндегі ойын: Баламен қандай ойындар ойнаймыз?

**Тыңдалады:** тәрбиеші Б.Ақбаева ең алдымен балаға қолдың ұсақ моторикасын дамытатын ойындар керек ойлау қабілетін дамытатын ойындар дұрыс қимылды ойындар қимылды ойын епшілдікке ұқыптылыққа тәрбиелейді мен бүгін Лашын қызымызбен қолдың ұсақ моторикасын дамытатын сонымен қатар дидың дамуына да көмектесетін тамаша ойын дайындап келдім ойынды «Заттарды толықтыр» деп алдым тақырыбын бұл жерде қақпақтарды бұрап жабу арқылы саусақтар жұмыс жасайды ойлау қабілеті артады деп баламен бірге ойын ойнады.

**Пікір:** әдіскер К.Усибекова Бақтыгулдің дайындап келген ойныны маған ұнады Лашын қызымызда риза болып ойынды жақсы ойынды жақсы ойнады келесі жолы қимылды ойын дайындап келсең деп ұсыныс білдірсем деп едім.

Пікірге иә деген жауап алынды.

**Қауыл:** Баланың өміріндегі ойындар ұйымдастырылсын.

Баламен қандай ойындар ойнаған дұрыс екендіктерін белгілеу.

**ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі: А. Оразбаева**

**Хатшы: Г. Азарбекова**